

Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 373 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қаңтарда № 4571 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 311 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 26.01.2016 № 311 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 Жарлығына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қызылорда облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ. Жайсанбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "29" қараша № 373
қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары

1. Осы Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалар негізінде әзірленген және Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдарының

мемлекеттік қызметшілерінің негізгі мінез-құлқының стандарттарын белгілейді.

2. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын ескере отырып, мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары), сондай-ақ, осы Қағидалардың талаптарын қатаң сақтау қажет.

3. Мемлекеттік қызметшілер:

- 1) мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;
- 2) жалпы жүрт таныған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;
- 3) азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік танытуға;
- 4) мемлекет мұддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;
- 6) зандарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;
- 7) мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық міндеттерін адаптациялық нормалармен солады; мақсатында лауазымдық міндеттерін адаптациялық нормалармен солады;
- 8) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және занды тұлғаларға ерекше ықылас көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;
- 9) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 10) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;
- 11) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден олардың қызметтік міндеттерінің шенберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;
- 12) басқа адамдарды құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы жүрт таныған моральдық-этикалық нормалармен сыйыспайтын іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;
- 13) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзы фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге міндettі.

4. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде ресми мінез-құлқы нормаларын сақтауға тиіс, сондай-ақ, қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың мұддесіне орай, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насиҳаттау

үшін пайдаланбауға тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшілер сыйбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға , сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыйбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыйбайлас жемқорлыққа жағдайлар туғызатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Мемлекеттік қызметшілер жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мұдделерін іске асыруын қындаратын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

6. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарды әдепті түрде жүргізуге тиіс.

7. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік саясатты жүргізуге және мемлекеттік органның қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша мемлекеттік органның атынан жарияланымдарына жол берілмейді.

Педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет жөнінде материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде өз атынан жүзеге асырады.